

БЕКЕЕВА НҰРАЙША ЖҮСІПҚЫЗЫНЫҢ

6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған **“ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС Дағдысын дамыту Әдістемесі”**(КИМЭП Университетінің қазақ тілі бағдарламасы бойынша)
диссертациясына арналған

ПІКІР

ҚР білім беру жүйесінде кәсіби маман даярлау жаңа талаптар мен ұстанымдарды ғылыми-тәжірибелік жағынан дамытуды қажет етеді. Болашақ маманның іскерлік, біліктілік дағдылары қоғамдық-әлеуметтік ортада мемлекеттік тілді қолданумен тығыз байланысты. Тілді жоғары деңгейде игеру сауаттылық пен білімді ұштастыра отырып, болашақ кәсіп иесінің коммуникативтік, танымдық, сынни тұрғыдан ойлау құзыреттіліктерін өмірге сай қалыптастыруды көздейді. Бұл мәселе жоғары оку орындарында студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын теориялық тұрғыдан анықтай отырып, интеллектуал дара тұлғаның білім, білік, мәдениетін дамытуға ықпал етеді.

Бекеева Нұрайша Жүсіпқызының 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарам-қатынас дағдысын дамыту әдістемесі» диссертациясы КИМЭП университетінің мемлекеттік тілді оқыту мен үйрету бағдарламасын жүзеге асыру мақсатына сәйкес орындалған.

Көпүлтты елімізде мемлекеттік тілді кәсіби мақсатта меңгерте келіп, әлеуметтік-коммуникативтік кеңістікте өркендету - өзекті мәселенің бірі. «Соңғы жылдары біз Қазақстанды түбекейлі жаңғыртуға, трансформациялауға көштік. Бұл жаңашылдық елімізде жаңа саяси мәдениеттің тамыр жауына, қоғамдағы өзара жауапкершілік пен сенімнің артуына жол ашты», - деп көрсетеді мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына жолдауында.

Осы тұрғыдан келгенде, Қазақ Елінің әлемдік өркениетте өз орнын иеленуіне ықпал ететін басты фактор – бәсекелестікке қабілетті интеллектуалды ұлт қалыптастыру, білігі мен білімі терең ұрпақ тәрбиелеу.

Зерттеудің мақсаты – КИМЭП университетінің мемлекеттік тілді оқыту мен үйрету бағдарламасын жүзеге асыру барысында дара тұлғаның интеллектуалдық, мәдени деңгейінің көрсеткіші саналатын кәсіби қарым-қатынас дағдысын дамытудың теориялық негіздерін айқындаپ, ғылыми-әдістемелік тұрғыдан

қамтамасыз ету және студенттердің кәсіби сөйлеу әрекеті мен жазу үдерісін жаңа технологиялар арқылы дамыту.

Зерттеудің әдіснамалық және теориялық – практикалық маңызы. Диссертацияда лингвистика, философия, психология, педагогика, әлеуметтануғылымдарының кәсіби тілдік тұлғаның қарым-қатынас дағдысын дамыту, ұлттық, рухани-мәдени құндылықтарды пайдаланудың тұжырымдары талданады. Тіл білімінің когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттану, семасиология, лексикография салаларының, методиканың деңгейлік оқыту теориялары мен практикалық тәжірибелері басшылыққа алынады. Интеграциялық ғылым негіздерінің басты қағидалары оң шешім жасауға негіз болады.

Зерттеу жұмысында автор міндеттер мен эксперименттік бақылау, қорытындылау, нәтижені бағалау кезеңдерін дұрыс анықтаған.

- қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым қатынас дағдысын

Жетілдіру сөйлесім әрекетінің барлық қызметтерін оқылым, жазылым, тілдесім, тыңдалым бойынша жеке құзіретті тұлға деңгейіне жетуге бағытталады;

- мемлекеттік тілді оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытудың әдістемелік жүйесінің мазмұны айқындалып, ол жаңа интерактивті желілік технология негізінде толықтырылады;

- жаңа парадигмаларға негізделген кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыта оқытудың ұстанымдары айқындалып, кешенді әдістемесі ұсынылады;

- қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамыта оқыту кезеңдерінің өзара байланысы анықталып, нәтижесі – толыққанды кәсіби қатысымдық құзыреттілік деңгейін айқындауда алынатын бақылау түрлері/ ағымдық, аралық,/ көрсетіледі.

Алынған ғылыми нәтижелердің сенімділігі мен нақтылығы теориялық қағидалардың әдіснамалық-әдістемелік түрғыдан талдануы арқылы айқындалады.

Зерттеу нәтижелері тілдік тұлғаның кәсіби, іскери қатысымдық құзыреттілігін дамытуға, кәсіби қазақ тілін оқытудың сапасы мен нәтижелілігін арттыруға, ЖОО-да болашақ мамандарға оқытылатын арнайы курсардың мазмұнын байыту мен тереңдегүе мүмкіндік береді.

Қазақ тілін оқытуда студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағытталған ғылыми-әдістемелік диссертацияны аяқталған жұмыс ретінде қорғауға ұсынуға болады және Н.Ж.Бекееваны Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми жетекшісі

КР ҰҒА корреспондент-мүшесі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор

